1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

сапалы туристік өнімдер ұсынуды көздейді. Екіншіден, жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға және олардың мәдени мұраны сақтауға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Үшіншіден, тұрақты даму қағидаттарына негізделген бұл жүйе экологиялық қауіп-қатерлердің алдын алуға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған. Осылайша, киелі туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ұсынылған модель кешенді тәсілді қажет ететін өзекті құрал болып табылады. Ол Қазақстанның рухани-мәдени мұрасын сақтау және жаһандық деңгейде таныту мақсатында стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Усубалиева С. Д., Дж. Г. А., Уайсова А. Понятийный аппарат сакральной географии // Вестник КазНУ. Серия географическая. 2019. №51(4). С. 27–34.
2. Засорина Ю. А. История термина "сакральность": уточнение смысла // На пути к гражданскому обществу. 2023. №2 (50). С. 17–20.
3. Всемирная туристская организация (UNWTO). Рекомендации ЮНВТО по устойчивому развитию туризма, связанного с природным и культурным наследием [Электрондық ресурс]. – Мадрид: UNWTO, 2019. – Қолжетімді: <https://www.unwto.org/sustainable-development> (қол жеткізілген күн: 22.03.2025).
4. Қазақстан Республикасының "Туристік қызмет туралы" Заңы [Электрондық ресурс]. – Астана: ҚР Парламенті, 2023. – Қол жетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_ еркін. – (Қаралған күні: 04.04.2025).
5. Рашева Г.К., Жапарқұлов Д. Қазақстан Республикасының цифрландыру жағдайындағы экологиялық туризмді құқықтық реттеу мәселелері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. – Алматы, 2023. – №2(86). – Б. 112–120.
6. Түркістан: туризмді дамытудың мүмкіндіктері мен инфрақұрылым мәселелері // International.kz. – 2023. – 18 тамыз. – Қолжетімді: <https://international.kz/2859-turkistan-turizmdi-damytudyn-mumkindikteri-men-infracurylym-maseleleri.html> (қол жеткізілген күн: 24.03.2025).
7. Кавригина А.Д. Влияние культурного туризма на сохранение исторического наследия Восточного Казахстана // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2024. — № 4. — С. 92–96.

УДК 338.4

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ МҰРАСЫ: ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы

abdigabitzh@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекші - «Туризм» кафедрасының философия докторы (PhD), доцент м.а.
Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы

Аңдатпа

Қазақстанның гастрономиялық мұрасы ғасырлар бойғы тарихи даму, көшпелі өмір салты, табиғи-климаттық жағдайлар, сондай-ақ басқа халықтармен мәдени өзара іс-қимыл нәтижесінде қалыптасқан ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дәстүрлі қазақ тағамдары этникалық ерекшелігін көрсетіп қана қоймай, тірі материалдық емес мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын ет және сүт өнімдерінің, дәнді тағамдар мен сусындардың бай ассортиментін қамтиды. Қазіргі әлемде гастрономия туристерді тарту, елдің имиджін қалыптастыру және мәдени әртүрлілікті сақтау факторы ретінде ерекше маңызға ие.

Бұл мақала туристік индустрияны дамыту тұрғысынан Қазақстанның гастрономиялық әлеуетін талдауға арналған. Ұлттық тағамдардың ерекшеліктері, оның мәдени және тарихи маңызы және туристік тәжірибенің қалыптасуына әсері қарастырылады. Автор гастрономиялық туризмнің қазіргі даму тенденцияларын, оның артықшылықтарын, жергілікті қауымдастықтарды қолдаудағы және тұрақты туризмді дамытудағы рөлін зерттейді. Сауалнама әдісі бойынша еліміздің әртүрлі өңірлерінде ашылған мейрамханаларды талдау негізінде қазақ гастрономиясын ішкі және халықаралық деңгейде ілгерілетуге шешімдер ұсынылады.

Түйін сөздер: гастрономиялық мұра, ұлттық тағам, туризм, Қазақстан, мәдениет, этнотуризм, гастрономиялық туризм.

Гастрономиялық туризм — бұл белгілі бір өңірдің тағамдарын дәмін татып көруді және аспаздық іс-шараларға қатысуды қамтитын туризм түрі. Ол тек дәм сезу тәжірибесі ғана емес, сонымен бірге ұлттық тағам өндірісі мен дайындау мәдениетін тану, сондай-ақ кәсіби аспаздық дағдыларды жетілдіру мүмкіндігі болып табылады [1].

Тағамды тұтыну бүгінде мәдени, әлеуметтік және саяси қарым-қатынастың бір түріне айналып, гастрономия туризм саласының белсенді дамып жатқан бағытына айналды [2].

Жаһандану мен материалдық емес мәдени мұраға деген қызығушылық гастрономиялық туризмнің маңызын арттырып отыр. Ұлттық тағамдар елдің мәдени болмысын танытып қана қоймай, өңірлік экономиканы нығайтатын, халықаралық имиджді қалыптастыратын тиімді құралға айналууда. Бүгінде көптеген мемлекеттер гастрономияны ішкі және сыртқы туристерді тартатын бәсекеге қабілетті бренд ретінде дамытып отыр. Қазақстан да тарихи, табиғи және этномәдени факторлар негізінде қалыптасқан өзіндік ұлттық тағам жүйесімен ерекшеленеді.

Қазақ халқы тағамдары – көшпелі тұрмыс салты мен дәстүрлі шаруашылықтың көрінісі. Ет пен сүт өнімдері, ұлттық сусындар мен салттық тағамдар тек азық-түлік қана емес, мәдени мұраның бір бөлігі ретінде әлеуметтік-рухани рөл атқарады. Алайда, елімізде гастрономиялық туризм әлеуеті толық жүзеге аспаған. Себебі жүйелі тәсілдің жоқтығы, ұлттық тағамдарды халықаралық деңгейде танытудың жеткіліксіздігі және гастрономиялық маршруттардың аздығы – негізгі кедергілер. Сонымен қатар, этнотуризм мен экологиялық туризмге сұраныстың артуы гастрономияны туризмнің құрамдас бөлігі ретінде дамытуға жол ашады.

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның гастрономиялық мұрасының туризм саласындағы маңызын анықтап, оны ұлттық мәдениет пен экономика стратегиясымен байланыстыра отырып дамыту жолдарын ұсыну.

Гастрономиялық туризм тек турист тарту құралы ғана емес, сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын құру мен табыс көздерін кеңейту арқылы экономикалық өсімге үлес қосатын маңызды салаға айналууда. Бүгінде туристердің көпшілігі сапар бағытын таңдауда ұлттық тағамдарға басымдық береді, бұл елдер үшін жаңа туристік нарықтарды игеруге мүмкіндік тудырады (кесте 1).

Кесте 1 - Гастрономиялық туризм туралы негізгі деректер

Саяхат кезіндегі барлық шығындардың шамамен 30%-ы азық-түлік шығындарынан тұрады.	2019 жылы гастрономиялық туризмнің әлемдік нарықтағы үлесі 45 миллиард доллардан асты.	Туристердің 39%-ы гастрономияны саяхаттаудың басты мотиві деп санайды.
Саяхатшылардың 79% - ы гастрономиялық іс-шаралар күнтізбесімен және жергілікті тағамдардың ерекшеліктерімен танысқаннан кейін өз маршруттарын жоспарлайды.	Әлемдегі әрбір үшінші турист ұлттық тағамдарды саяхат бағытын таңдаудың маңызды факторы деп санайды.	ЮНЕСКО гастрономияны әлемдік тарихи және мәдени мұраның бір бөлігі ретінде таниды.
Ескертпе – [3,4] дереккөздері негізінде автормен әзірленген		

Кесте 1 деректері туристердің саяхат кезінде жұмсайтын шығындарының 30%-ы тағамға тиесілі екенін көрсетеді, бұл гастрономиялық қызметтердің жалпы демалыс тәжірибесіндегі маңызын дәлелдейді. Туристердің 79%-ы сапарларын жергілікті тағамдар мен гастрономиялық іс-шаралар кестесін ескере отырып жоспарлайды, бұл гастрономияның саяхаттау шешімдеріндегі маңызын арттырады.

2019 жылы гастрономиялық туризмнің жаһандық нарықтағы үлесі \$45 млрд-тан асып, оның жоғары экономикалық әлеуетін дәлелдеді. Туристердің үштен бірі ұлттық тағамды саяхаттау себептерінің негізгісі деп санайды, ал 39%-ы гастрономияны басты мотив ретінде атап көрсетеді. Бұл деректер елдерге өзіндік бірегей гастрономиялық бағдарлама жасап, халықаралық нарықтағы тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Гастрономиялық туризм тек турист ағынын көбейтумен шектелмей, жергілікті экономиканы қолдауға да ықпал етеді. Бұл сала қонақ үй мен мейрамхана бизнесінің дамуына, жұмыс орындарының ашылуына және жергілікті өнімдерге сұраныстың артуына себепші. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы, фермерлік өндіріс пен экологиялық өнімдерге сұраныс ұлғаяды. Сонымен қатар, бұл бағыт елдің мәдени құндылықтарын тағам арқылы жеткізудің тиімді жолы ретінде қызмет етеді. ЮНЕСКО гастрономияны адамзаттың мәдени мұрасына жатқызады, бұл оның мәдени дипломатиядағы рөлін көрсетеді.

Гастрономиялық туризм бүгінде экономикалық өсуді ынталандыратын, жергілікті бизнесті дамыту мен жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін маңызды салаға айналууда. Бәсекелестік жоғары туризм нарығында гастрономия – ел имиджін арттырып, тұрақты дамуға қол жеткізетін маңызды артықшылық.

Қазақстан осы бағытта үлкен әлеуетке ие: ұлттық тағамдардың әртүрлілігі мен экологиялық тазалығы, ет пен сүт өнімдеріне негізделген аспаздық дәстүрлер шетелдік туристер үшін тартымды. Қой мен жылқы еті, қымыз бен шұбат сияқты өнімдер тағамдық құндылығы мен тарихи мәні жағынан ерекше. Салауатты әрі табиғи тамақтануға сұраныстың артуы бұл өнімдердің туристік бренд ретінде қалыптасуына жағдай жасайды (кесте 2).

Кесте 2 – Ұлттық тағамдарымыздың адам ағзасына пайдасы

№	Атауы	Дәрумендері	Көмектеседі
1.	Шұбат	Шұбаттың майлылығы 8% дейін (100 г құрамында 88 ккал бар). Сусынның тағамдық құндылығы: ақуыздар-4,1 г; майлар-8 г; көмірсулар-5,6 г. Сонымен қатар, сусынның құрамында А, Е, В, РР, С дәрумендері, минералдар мен микроэлементтер бар: темір, мыс, кальций, фосфор, мырыш және магний.	Қант диабетіне пайдалы, асқазан-ішек микрофлорасын қалпына келтіруге, дисбиозға, туберкулез секілді респираторлық ауруларда, сүт өнімдеріне жеке төзбеушілікте көмектеседі.
2.	Айран	Құрамында В дәрумендері бар: В1 (тиамин), В2 (рибофлавин), В4 (холин), В5 (пантотен қышқылы), В6 (пиридоксин), В9 (фолий) және В12 (кобаламин). Сусынның құрамында А, Н, РР дәрумендері және аз мөлшерде С дәрумені бар. Минералды құрамға келетін болсақ, айранның құрамында аз мөлшерде калий, кальций, магний, натрий, фосфор, хлор, йод, кобальт, мыс, молибден, селен, хлор және мырыш бар.	Ішектің денсаулығын жақсартатын және ас қорытуды жақсартатын пробиотиктерге бай. Имунитетті нығайтуға, сүйек, жүйке, жүрек-тамыр жүйесіне, қабынуға қарсы қасиеттеріне байланысты панкреатит кезінде ұйқы безінің жұмысына көмектеседі.
3.	Құрт	Құрамында В2 дәрумені (тәуліктік мәннің 15%), В12 дәрумені (33,3 %), РР дәрумені (19,5 %), сонымен қатар	Терінің және шырышты қабаттардың денсаулығын қолдайды: көру қабілетін, ас қорыту жолдары және жүйке жүйесін

		кальций (16,4 %), фосфор (27,5 %), молибден (11 %) және селен (54,5%) бар.	жақсартады.
4.	Жылқы еті	Құрамында маңызды микро және макроэлементтер бар: калий, натрий, кальций, фосфор, темір, мыс, магний, сонымен қатар В, А, Е, РР дәрумендері.	Қандағы холестерин деңгейін төмендетуге, иммунитетті нығайтуға және метаболизмді қалыпқа келтіруге, жүйке жүйесі мен метаболиттік процестерді сақтауға, антиоксиданттық қасиетке ие болған соң қартаю процесін баяулатады және ісік ауруларының, анемияның алдын алуға көмектеседі. Жүрек пен қан тамырларының денсаулығы үшін өте маңызды.
5.	Тары	Тарыда А, В1, В2, В6, В9, Е, РР дәрумендері, микроэлементтер – темір, кремний, калий, кальций, натрий, фосфор және күкірт бар.	Бұлшық ет пен сүйек тінін нығайтып қана қоймай, бауыр мен бүйректің жұмысын жақсартады, ағзадан токсиндерді кетіреді, жараларды тез емдеуге, терінің түсін жақсартуға, қан қысымын реттеуге, ішек қабырғаларын тазартуға, ыстық тары ауыз қуысының ауруына, тіс ауруына көмектеседі.
6.	Ешкі сүті	Минералдарға (құрамында калий, магний, кальций, натрий, фосфор, мыс, марганец және темір) және дәрумендерге (В тобындағы дәрумендер, А және D дәрумендері, аз мөлшерде С дәрумені) бай.	Қан қысымына жақсы әсер етеді, тіс денсаулығы үшін де пайдалы. Эмальды қорғауға көмектеседі, иммундық жүйені нығайтады.
Ескертпе – [5-7] дереккөздері негізінде автормен әзірленген			

Ұлттық тағамдар – дәм, дәстүр және денсаулықтың үйлесімі. Қазақ халқының тағамдары – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұра. Олар табиғи құрамының арқасында адам денсаулығына пайдалы әрі туризмнің тартымды элементіне айналуға (кесте 2).

Шұбат – жоғары калориялы сусын (88 ккал / 100 г), ақуызға, майға, көмірсуға, А, Е, В, С дәрумендері мен минералдарға бай. Ол қант диабетіне, асқазан-ішек ауруларына, иммунитетті көтеруге пайдалы. Құрамындағы лактозаның төмен болуы оны жеңіл қорытылады етсе, бактерияға қарсы қасиеті туберкулез кезінде тиімділігін көрсетеді [5, 6].

Айран – пробиотиктер мен В тобы дәрумендерінің (әсіресе В12), кальций мен фосфордың көзі. Ол ішек жұмысын жақсартады, жүйке жүйесіне оң әсер етеді. Сонымен қатар, қан қысымын реттеп, холестеринді төмендетеді. Айран косметологияда да кеңінен қолданылады.

Құрт – дәрумендер мен минералдарға бай дәстүрлі өнім. Оның құрамындағы В2, В12, РР, кальций мен селен иммунитетті нығайтып, сүйек тінін сақтауға және көру қабілетін жақсартуға ықпал етеді.

Жылқы еті – ақуызға бай, май мөлшері төмен, холестеринді азайтады, зат алмасуды реттейді. Құрамындағы дәрумендер мен микроэлементтер оны диеталық әрі энергетикалық жағынан құнды етеді. Гипоаллергенді қасиеті оны кең аудиторияға қолжетімді етеді.

Тары – бұлшықет пен сүйекке пайдалы, токсиндерді шығарады, ішек жолдарын тазартады. Оның антиоксиданттық қасиеттері де қазіргі медицинада мойындалған.

Ешкі сүті – кальций, магний, фосфор секілді элементтерге бай. Қан қысымын тұрақтандырады, тіс эмалін сақтайды, иммунитетті нығайтады. Жеңіл қорытылатын майлар мен бактерияға қарсы қасиеттері оны ерекше етеді.

Гастрономия - мәдени таным құралы. Қазақстандағы гастрономиялық туризм тек экономикалық табыс көзі емес, сонымен бірге ұлттық бірегейлікті танудың және халықаралық деңгейде ел имиджін нығайтудың құралына айналуға. Ұлттық тағамдар



арқылы туристер қазақ халқының тарихы мен дәстүрімен танысады, бұл мәдени байланыстардың кеңеюіне ықпал етеді.

Танымал ету жолдары – аспаздық фестивальдар, гастрономиялық маршруттар, тағамдарды шетелге таныстыру, жергілікті мамандарды оқыту. Бұл істе тек ірі қалалар ғана емес, этнографиялық ерекшелігі бар ауыл-аймақтар да қамтылуы тиіс. Бұл өз кезегінде өңірлік дамуға, фермерлер мен шағын кәсіпкерлікті қолдауға серпін береді.

Ұлттық тағамдар – туризм брендіне айналуға. Қазақ тағамдары – қымыз, ет, құрт, бауырсақ сынды өнімдер тек дәмімен емес, тарихи мәнімен, символдық мағынасымен ерекшеленеді. Олар туристерге ерекше мәдени-аспаздық тәжірибе ұсынады.

Соңғы жылдары осындай дәстүрлі тағамдарды ұсынатын заманауи ұлттық мейрамханалар саны артты (кесте 3). Бұл мекемелер гастрономиялық туризмнің инфрақұрылымын қалыптастырып, елге келуші туристерге жергілікті болмысты сезінуге мүмкіндік береді.

Кесте 3 – Қазақстандағы ұлттық мейрамханалар қысқаша тізімі

№	Логотип	Атауы	Орналасқан жері	Мәзір	Қысқаша тарихы
1.		«Sandyq» мейрамханасы	Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан	Қазақтың дәстүрлі асханасының ең көне рецептураларын анықтауға және насихаттауға, дайындау технологиясын сипаттауға бағытталған ғылыми-зерттеу экспедициялары өткізілді, дәстүрлі ет, сүт тағамдарының, нан-тоқаш өнімдерінің, десерттер мен сусындардың тағамдық биологиялық құндылығы есептелді. Бір кездері кең таралған және іздеу-зерттеу және далалық жұмыстардың нәтижесінде қайта жаңданған сирек тағамдардың формулалары ұсынылған.	Ең алғаш 2020 жылы Шымкентте, 2021 жылы Түркістан қаласында, 2022 жылы Алматы және 2024 жылы Астана қаласында ашылған.
2.		«TARY» этно-кофеханасы	Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан, Аюсай, Көлсай, Шарын шатқалы, Мәскеу, Чикаго, Ташкент	Мейрамхана мәзірінде шай мен кофенің 30-ға жуық түрі бар. Негізгі тағамдардан сіз жылқы етінен жасалған котлетпен "Крафт бургерін", тіскебасар паштет ұсынылады.	Кофехана алғаш рет 2020 жылы бизнесмен Руслан Берденовтің бастауымен ашылды.
3.		"Дайдидау" мейрамханасы	Астана қаласы	Мейрамханада қонақтар Шыңғыс ханның сүйікті тағамы – "Шарпыманың", дәмді қымыз, сондай-ақ бұқтырылған қой тілінің дәмін көре алады.	2023 жылы әлемге әйгілі әнші Димаш Құдайбергеннің отбасылық бизнесі ретінде ашылды.

4.		«Qazaq Gourmet» мейрамханасы	Астана қаласы	Бренд-шеф Артем Канцев Қазақстанның қиыр-қиырын аралап, біздің гастрономиялық мұрамызды, әрбір өңірдегі тұрғындар тұтынатын тамақтың ерекшеліктері мен азық-түліктерді толық зерттеген. Соның арқасында заманауи технология, тренд пен әртүрлі аймақтың талғамы қосылған ас мәзірі дайындалды.	2017 жылы Астана қаласында ашылған.
5.		«Baurydaq» қазақ фаст-фуд желісі	Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Атырау, Талдықорған, Түркістан, Балқаш, Павлодар, Қостанай, Шу, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Өскемен	Мәзірде негізгі тағам бауырдақ, яғни басқа да сиыр еті, тауық еті, ешкі және ассорти қосылған бауырсақтар, сондай-ақ бауырсақтың орнына нан қосылған вариациялар бар.	Қазақ фаст-фудын қалыптастыру туралы идеяны 7 жыл жетілдіргеннен кейін Ақтілек Құсанбаев 2018 жылы Алматы қаласында ең бірінші филиалын ашты.
6.		«Auyul» мейрамханасы	Алматы қаласы	«AUYL» мәзірінде дәстүрді көрсетіп қана қоймай, заманауи орындауды ұсынатын көшпелі мәдениеттің тағамдары ұсынылған. Мейрамхана қонақтарына майдалап туралған бұқтырылған гиблеттер, қуырылған бауыр мен қой еті, баклажаннан жасалған дүнген тағамдары және Орталық Азияның көшпелі өмірі мен гастрономиялық мұрасы атмосферасына енетін басқа да көптеген ерекше тағамдар ұсынылады.	2023 жылы ашылған мейрамхана атмосферасы Іле Алатауының табиғи ландшафтына үйлесімді түрде сәйкес келеді, мұнда келушілерді Қызыл кітапқа енгізілген керемет қарлы тау шыңдары, өзен салалары мен қайың, көктерек, Тянь-Шань шыршалары, тау күлі және сирек кездесетін флора түрлерімен толтырылған тығыз ормандар қоршайды.
7.		«Aula» мейрамханасы	Астана қаласы	Ерекшелігі мәзірдегі ұлттық тағамдардан бөлек, мұнда шай нағыз көмір самаурында қайнатылады.	2024 жылдың ақпан айының соңында ашылған.
Ескертпе – [8] дереккөзі негізінде автормен әзірленген					

Кесте 3-ке сүйенсек, елдегі мейрамханалар тек тағам мәзірімен емес, атаулары мен тұжырымдамасымен де ерекшеленеді. Мысалы, «Sanduq» мейрамханасы ұлттық мұраны, көне тұрмыстық заттарды, тағам әзірлеу дәстүрін жаңғыртуды мақсат етеді. Бұл желі дәстүрлі тағамдардың ұмытылып бара жатқанын және ғылыми тұрғыда ұсынылатын сапалы этно-мейрамханалардың аздығын ескере отырып ашылған. Экспедициялар негізінде

сирек кездесетін ескі рецепттер қалпына келтіріліп, 2020–2024 жылдары Шымкент, Түркістан, Алматы және Астана қалаларында іске қосылды. EXPO Dubai 2020 көрмесінде ерекше мәзір ұсынылып, мәдени элемент ретінде күй тартылған қонақтарға жеңілдік жасалған. Әр қалада мәзір өңірлік ерекшеліктерге сай бейімделеді.

«TARY» этно-кофеханасы – денсаулыққа пайдалы, жергілікті сусындарды жаңғыртуды көздейтін желі. 30-ға жуық шай-кофе түрі мен ұлттық десерттерден құралған мәзір Қазақ тағамтану академиясымен бірлесіп әзірленген. 2020 жылдан бастап кеңейіп, 2023 жылы Мәскеу, Чикаго, Ташкент қалаларында ашылды.

«Дайыдау» – Димаш Құдайберген бастамасымен ашылған ұлттық мейрамхана. Мұнда тарихи тағамдар мен интерьер ерекше назарда: тірі отта дайындалатын ет, қымыз, қой тілі сияқты тағамдар ұсынылады. Қонақтарға арналған VIP залдар қарастырылған.

«Qazaq Gourmet» бренд-шеф Артем Канцевтің авторлық жобасы. Ол Қазақстан өңірлерін аралап, гастрономиялық мұра мен тағам ерекшеліктерін зерттеп, заманауи талғаммен үйлестірілген мәзір жасаған. Мейрамхана халықаралық марапаттарға ие болып, «50 Best Discovery» және «La Liste» тізіміне енген. Мұнда дәстүрлі өнімдерден жасалған сарқыт-десерттерді де сатып алуға болады.

«Bauyrdaq» – 2018 жылы құрылған қазақ фаст-фуды. Бауырсақ пен қуырдақ негізіндегі тағамдарды заманауи форматта ұсынады. Таңдау еркіндігі, ұлттық сусындар және жылдам қызмет оны жастар арасында танымал етті.

«Ауу!» – табиғатпен үндескен иммерсивті гастро-кеңістік. Іле Алатауы бөктеріндегі атмосфера мен мәзір көшпелі мәдениетті қазіргі заманға сай бейнелейді. 2024 жылы әлемнің ең әдемі мейрамханаларының қатарына енді (Forbes, NYT, 50 Best Discovery).

«Aula» мейрамханасы – Орта Азия ауласының дәстүрін негізге алып, үйдегідей жайлылық атмосферасын ұсынады. Ең ерекше тұсы – шайдың көмір самаурында дайындалуы.

Ғылыми зерттеу барысында Қазақстан азаматтарының арасында еліміздегі гастрономиялық туризмді дамыту мәселелерін анықтау мақсатында анонимді 12 сұрақтан сауалнама жүргізілді (сурет 1).



Ескертпе – зерттеу барысында әзірленген

Сурет 1 – Гастрономиялық туризмнің ілгерлеуіне әсер ететін, ұлттық мейрамханалардың дамуының әсері

Сурет 1-де көрсетілгендей сауалнама нәтижесі бойынша еліміздегі ұлттық мейрамханалардың жұмысына жалпы 1-ден 5-ке дейінгі шкалада 4,17 деген баға берілді: 33,3% 5 деген балл қойса, 50% 4, ал 16,7% 3 деген балл қойды.



Ескертпе – зерттеу барысында сауалнама нәтижелері бойынша әзірленген
Сурет 2 – Мейрамхана қызметін жақсартудың жолдары

Сурет 2 деректеріне сүйенсек, респонденттер ұлттық мейрамханалардың дамуында бірқатар әлсіз тұстарды атап өткен.

Маркетинг (58,3%) – ең көп аталған бағыт. Бұл мейрамханалар үшін онлайн жарнама мен әлеуметтік желілер арқылы ұлттық тағамдарды белсенді насихаттаудың маңызын көрсетеді.

Қызмет көрсету сапасы және мәзір (әрқайсысы 16,7%) – қызметкерлердің біліктілігі мен тұтынушылармен дұрыс қарым-қатынас орнату, сондай-ақ мәзірдің алуан түрлілігі мен тағам сапасы – тұтынушы сенімін арттырудың маңызды элементтері.

Интерьер (8,3%) – ұлттық стиль мен заманауи элементтерді үйлестіру қажеттігі байқалады.

Тағам сапасы (0%) – бұл критерийге шағым болмауы тағамдардың сапасына тұтынушылардың жоғары қанағаттануын білдіреді.

Қорытындылай келе ұлттық мейрамханалар маркетингтік стратегияларын күшейтіп, мәзірді жаңартып, қызмет көрсету сапасын арттыруы қажет. Бұл гастрономиялық туризмді дамытуға және туристік тартымдылықты арттыруға жол ашады. Қазақстанның ұлттық тағамдары – бай дәмі, символикалық мәні және биологиялық құндылығымен ерекшеленеді. Гастрономиялық туризмді дамыту үшін тек тағамдарды насихаттау жеткіліксіз – кешенді тәсіл қажет. Бұл фестивальдер, арнайы турлар, жарнама, жергілікті өндірушілерді қолдау мен мамандарды даярлау сияқты бағыттарды қамтуы тиіс. Мұндай жүйелі жұмыс мемлекеттік, ғылыми және бизнес құрылымдардың өзара ынтымақтастығы арқылы ғана жүзеге аса алады. Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасын заманауи трендтермен үйлестіре отырып ұсыну – ұлттық бірегейлікті сақтап, мәдениетаралық диалогты нығайтудың тиімді жолы.

Сонымен, гастрономиялық туризм – бұл экономикалық әртараптандырудың ғана емес, ел имиджін көтерудің, мәдени сауаттылықты арттырудың және халықаралық беделді нығайтудың стратегиялық құралы. Оны туристік өнімнің қосымша элементі ретінде емес, дербес даму бағыты ретінде қарастыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Драчева Е.Л., Христов Т. Гастрономический туризм: современные тенденции и перспективы. // Российские регионы: взгляд в будущее. 2015, №3, С. 36-50.
2. Oosterveer, P. Globalization and sustainable consumption of shrimp: consumers and governance in the global space of flows // International Journal of Consumer Studies. 2006, №30, P. 465-476.
3. Доклад Генерального секретаря Всемирной туристской организации UNWTO. // Global Report on Food Tourism. 2019, 144 с. – URL: <https://www.e-unwto.org/>
4. Ақтымбаева Б.И., Трифонова Т.В. Гастрономический туризм как способ привлечения внимания к туристской дестинации // Central Asian Economic Review. 2021, №1, С. 3-83.
5. Мусагажинова А.А., Синявский Ю.А., Досымбек Х., Жунусова Д.К. «Казахская кухня: вкус и традиции». – QazaqGeography: 2019.
6. Yu, Zhongjie & Peng, Chuantao & Kwok, Lai-yu & Zhang, Heping. (2021). The

Bacterial Diversity of Spontaneously Fermented Dairy Products Collected in Northeast Asia. // Foods. 2021, №10, 2321 p.

7. Cardoso, Ronald & Santos, R & Cardoso, Capitã Cíntia & Carvalho, M. Consumption of camel milk by patients intolerant to lactose. // A preliminary study. 2010, №57, P 26–32.

8. Салтанат Ж. 8 ресторанов казахской кухни в Астане // «Давай сходим!» интернет-жобасының ресми сайты. 2024. <https://sxodim.com/astana/article/8-restoranov-kazahskoy-kuhni-v-astane>

УДК 330.03

ОБЩАЯ ЗАДАЧА «РОЛЬ ЭТНО-АУЛОВ В РАЗВИТИИ ВНУТРЕННЕГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ»

Мұрат Аружан Әділханқызы

arusharipova73@gmail.com

Студент 1 курса, Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, группы РДГБ-14.

Научный руководитель: К.К. Жунисова

Этно-аулы являются одним из важнейших показателей культуры и туризма. Они, благодаря своему богатому историческому и культурному наследию, предлагают туристам уникальный опыт и возможность познакомиться с традиционным образом жизни.

В Казахстане этно-аулы развиваются как культурная составляющая туризма, предоставляя возможности для сохранения и пропаганды местных традиций и обычаев. Этно-аулы становятся важным элементом культурного туризма, предлагая уникальный опыт для туристов, желающих познакомиться с традиционным образом жизни и местными обычаями. Туристы могут участвовать в мастер-классах по традиционным ремеслам, наслаждаться национальной кухней, наблюдать за сельским трудом и даже научиться старинным искусствам. Этно-аулы помогают сохранять и передавать богатое культурное наследие Казахстана из поколения в поколение. В них сохраняются национальные костюмы, традиционные ремесла, музыка, танцы, народные игры и праздники. Благодаря таким аулам туристы могут познакомиться с образом жизни местных жителей, а также прочувствовать традиции через непосредственное участие.

В этих местах туристы могут встречаться с мастерами народных ремесел, поварами, скотоводами и другими местными специалистами. Эти взаимодействия дают туристам возможность глубже понять культурные ценности. Также в таких местах туристы могут участвовать в мастер-классах по традиционным национальным блюдам или ремеслам [1,44].

Этно-аулы отличаются особым вниманием к гостеприимству и культуре проживания местных жителей. Это дает туристам аутентичный опыт и усиливает впечатления от их путешествия. Взаимодействие между туристами и местными жителями способствует не только развитию туризма, но и уважению между культурами.

Экономическая выгода. Этно-поселения оказывают влияние на развитие туризма и экономику местных территорий в стране. Они создают новые рабочие места для местных жителей, а также помогают развивать сельское хозяйство и ремесленничество. Доходы от продажи местных товаров также оказывают экономическое рост.

Этно-аулы Казахстана. Историко-культурные комплексы играют важную роль в сохранении уникального наследия Казахстана, включая традиционную архитектуру, национальные костюмы, музыку и танцы. Они становятся «живыми музеями», в которых традиции передаются не только через предметы, но и через практики, быт и ритуалы. Этно-аулы в Казахстане активно развиваются. Возле Шарынского каньона в Алматинской области, где туристы могут познакомиться с казахскими обычаями, а также попробовать